

84(2Рос)
А 39

К
Л
И
И
И
С
Е
С
П
О
Р
Г
Д
Е
Л
И
Ч
е
ж
е
б
и
р
а
п
т
а
д
а
г
ы
о
к
и
г
а
л
а
н

ЮЗ.Алешковский:

СОСНОВЫЙ ПОРТФЕЛЬ

Юз.Алешковский:

К
Л
И
Ш

ХОСПОРТ


жe нe

бир

аптадағы
окиғалан

ЕЛЬ





1979
ЖАЛЫН
60 70
баспасы



КИШ КӨӨРБАЙ

ЖАНЕ

бләг аптаңдағы
окиғалар

Повестер

Орысшадан аударған
Болат Бодаубаев

Кіш, Қоспортфель және бір аптадағы оқиғалар

повесть



Бұл кітап Алеша Сероглазов деген
бала мен оның айнымас досы Кіш
деген иттің басынан кешкен қызық-
ты оқиғалары туралы.

Кітаптың кейіпкерлері мен олар-
дың достары адамдардың табигат-
ты және хайуаннтарды аялап қа-
дірлей білуі үшін, оларды сақтап,
қоргай білуі үшін күреседі.

A 70802—009
408(07) 79 188—79

© Қазақша аудармасы
«Жалын» баспасы — 1979

ҚЫМБАТТЫ БАЛАЛАР!

Сендердің көпшілігің-ақ тамаша иттер — айбарлы да құшті Ақ азу, ақылды Каштанка және адамдарға шексіз берілген Мұхтар туралы оқыған боларсындар. Мен жазып отырған Кіш — әлі ешқандай гажайып ісімен көзге түсे қоймаған күшік. Бірақ өзінің иесі Алеша Сероглазов үшін ол — әлемдегі ең ақылды, өз иесіне ең берілген тамаша ит. Мектеп есігін жана ашқан, бірінші класс оқушысы Алеша Сероглазов пен әр нәрсеге әуес кішкентай Кіш талай қызын да қызық оқиғаларды бастаң кешеді. Қуаныштысы сол — олардың бері сәтті аяқталады, өйткені небір қызын сәттерде де Алеша Кішке адалдығынан айнымайды, ал Кіш, қандай қысталаң жағдайға тап болсын, шын досы Алеша келіп, құтқарып алатынына сенеді.

Мен сендердің адамның жақын достары болып табылатын құстар мен хайуанаттарды — мейлі ол торғай, ұсақ балық немесе аса ірі піл болсын — сүюлерінді қатты қалар едім. Кім біледі, мұмкін, сендердің біріңе кейін есейгенде беймәлім планетаға тұңғыш рет сапар шегуғе, белгісіз хайуанаттармен кездесуге тұра келер. Сонда олар адамның өздеріне достықпен келгенін, қайырымдылығын және сүйіспеншілігін сезінетін болсын.

Ю з. А л е ш к о в с к и й.

Бұл менің тұңғыш демалыс күнім еді, ейткені мен өз өмірімде алғаш рет бірінші класта бір апта бойы оқыдым.

Демалыс күнің қалай бастап, қалай өткізуді білмейтін едім, сондықтан папама еліктеуге тырыстым: ояна салып екі қолымды басыма жастанып терезеге көз тастап, ойга шомдым.

Бір жолы папам маган өзінің демалыс күні таңертең жұмысқа асықпайтынын, сондықтан әр нәрсе жайлы және сол аптаның қалай өткені туралы ойланатынын айтқан еді. Апта ішінде жақсы жайттар көп болды ма, жаман нәрсе көп болды ма? Егер жаман нәрсе көп болса, оған кінәлі кім: папамның өзі ме, әлде кездейсоқ жағдайлар ма?

Менің мектепке барған алғашқы аптауда жаман нәрселер көбірек болыпты. Және оларға кінәлі мен емес, көптеген әр түрлі жағдайлар еді.

Егер мен небәрі екі күн ғана кеш туғанымда менің жасым жетіге отыз бірінші августа емес, екінші сентябрьде толар еді де, мені мектепке қабылдамас еді. Папам онсыз да оқу ісінің менгерушісін көндіру үшін біраз өуреленді. Оқу ісінің менгерушісі ақыры мені мектепке сынақ мерзімімен қабылдауға келісімін берді.

Бұкіл мектептегі жасы да, бойы да ең кішкенесі мен екенмін.

«Балалар әлемі» дүкенінде маган ең кіші мектеп формасын сатып әперді, кабинаға кірін көргенімде соның өзі де үлкен болып шықты. Мамам витринадағы көрмеге қойылған, күлімсіреп тұрған баланың үстіндегі костюмді сұрап еді, сатушылар оны ол тілегінен бас тартуға үгіттеп көндірді және маган алған форманы қолдан кішірейтуғе болатынын айтысты. Менің бойым тезірек өсуі үшін мені қалай тамақтандыру қажеттігі жөнінде де ақыл-кенестерін аяған жоқ.

Шалбарымды мамамның өзі қысқартты, ал фуражканы тұні бойы ыстық суда ұстап, онан соң кастрөлге кигізіп, үтіктеген еді, бірақ бәрібір маган үлкен болып, көзіме түсіп кете берді.

Сейтіп, бірінші сентябрьде мектепке бардым. Алғашқы үзілісте-ақ біздің кластағы ең ұзын бала Миша Львов менің бойымды қолымдағы портфелиммен өлшеп көрді. Өлшеп көрді де сол жерде маган қолма-қол Қоспортфель деген ат тақты. Ал өзіне Тигр деген есімді қалап алды. Львов деген фамилиясына осындаі есімнің жарасатынын айтты ол.

Лақап атым тез тараң, жоғары класс оқушыларының құлағына да жетілті. Үзілісте олар мені тамашалап;

— Қоспортфель!

— Шынында да Қоспортфель! — деп таңдай қағысты. Олар

мазақтаған жоқ, бірақ мен сонда да қатты ренжідім. Шамасы, балалар бақшасында, аулада және үйде — еш уақытта да дәл осылай қатты ренжіп көрмеген шығармын.

Мұндайда мен ұн-тұнсіз шетке шығып кетемін, ешкіммен ойнамаймын, кеңілсіздік басатыны сондай, тіпті, жылагым келеді.

Рас, бір жолы жаныма жоғары класта оқитын қыз келді. Басымнан сипап, былай деді:

— Қоспортфель, сен жасыма. Уақыт өтеді, сен төртпортфель, сонаң соң бес, сонаң соң сегізпортфель боласың. Сөйтесің әлі-ақ. Ал үзілісте бір орында теке түрмә. Бойыңды жаз. Және ешкімнен жасқанба. Қорқыта бастаса танауынды қусыр. Бірден беттері қайтады. Мен ылғи солай істейтінмін. Менің атым — Оля.

— Ал, мен Алешамын,— дедім. Оля маган танауды қалай желпілдеттуді көрсетті.

Бірақ мен кейін танауымды қанша желпілдетсем де, онымнан ешкім қорыққан жоқ. Менің құлағымнан:

— Қосортфель! Қосортфе-ель! — деген қиқу бәрібір кетпей қойды.

Өзіме осындай ат қойғаны үшін Тиграны өлердей жек көрдім.

Дадаевқа жақсы-ақ. Оны Дада деп атайды. Капустинді Ко-чан деп атап кетті. Галя Пеленкина — бразилия футболшысы сияқты — Пеле. Гусевті Тега-тега десөді, оған ол қуанады. Леня Кац-Кацо. Мен ғана Қосортфельмін.

Мейлі! Мүмкін уақыт өте келе мұндай ұзын ат бәрін жалықтырапар, сөйтіп одан Фель ғана қалар. Феля! Жаман емес...

Мен осылай ойланып жатып, көзім түсіп кетті... Бір торғай терезе алдында, бір жерде, тұра вертолет сияқты қозғалмай ілініп тұрды да, кенет тарс етіп әйнекке соғылды, терезе ернеуіне құлап түсті, одан соң секіріп тұрып, бір орында тыптырай берді, өзі бір нәрсені шоқығысы келіп жүр.

Мен енді ғана даладан үйге кіріп, қайтадан үшіп кеткісі келіп жүрген үлкен көк шыбынды көрдім. Ол ызыңдап әйнекке соғылады, есінен танғандай кішкене тынышталады, сонаң соң қайтадан әйнектің бетіне мұз үстіндеғідей сырғанай жөнеледі.

«Міне, ақымақ торғай,— деп ойладым мен,— тұмсығының дәл алдынан шыбынды көріп тұр, бірақ шоқи алмайды. Шамасы, жып-жылы, жанға жайлы самал ауаның қап-қатты және сұп-сұық әлденеге қалайша тез айналып кететініне әрі таңырқайтын, әрі ызаланатын сияқты. Шыбын да еш кедергіні көріп тұрған жоқ, өзінің неге үшіп кете алмайтынына аң-таң».

Кенет торғай тағы бір рет алыстай берді де, атқан оқтай зымырап келіп, терезенің желдеткіш көзінен үй ішіне кіріп кетті.

Мен айқайлап, одеялымды серпіп қалдым — ол зәресі қалмай, уйдің ішін бір айнала ұшты да, шығып кетпек болып әйнекке соғылып, шыбының жаңында тыптырады да қалды.

Мен өлденеге торғай мей шыбынды аяп кеттім. Демалыс күн... Таңертенгі уақыт сондай тамаша, ал бұлардың қолға түскендері мынау...

Тесегімнен секіріп түстім де, терезені аштым.

— Қалаған жақтарыңа жүре беріндер, ақымақтарым! Бұл қатып қалған нәрсе — ауа емес, мәлдіреген әйнек екенін сендер білмейсіндер. Ал мен түсінемін, өйткені адаммын!

Дауыстап сөйлем осылай дедім, терезеге қарадым, менің де далаға шыққым келіп кетті.

2

Ойлағанымдай-ақ, мамам үйде болмай шықты. Ол баяғыда, әжеміздің тірі кеінде, жексенбі күні түске шейін өз істерінді тындыруым қажет деп папаммен келіскең еді. Віз, папам екеуміз, бұл уақытта өзімізben өзіміз боламыз.

Папам да диван-төсекте, дәл жаңағы мен сияқты, ойга шомып жатыр екен.

— Жаңбыр жоқ. Тұрып, бір жаққа барайық та,— дедім.

Папам маган көзінің қыығымен қарап қойды, жауап қатқан жоқ.

— Ал, апта қалай өтті? (Папам үндемеді). Көңілсіз жайлар көп болды ма?

— Жақсы да, жаман да жайлар болды,— деді ақырында папам.— Бірақ, жалпы алғанда, бұқіл апта сүргышттау болып өтті. Ең жаманы — осы сүр түс. Меніңше, өрмекшілер мен сабау-қүйрық тышқандардың... сүр болуы... бр-р... тегін емес...

— Ал пілдер ше?— деп қарсылық білдірдім.

— Пілдер — күміс сүр түсті. Оның жөні басқа. Дирижабльдер мен самолеттер де күміс сүр түсті,— деді папам жаңағы сөздерін анықтай түсіп.

Менің өмірімде жақсы апталар көп кездесетін еді, мектептегі алғашқы апта сияқты сөтсіздері сирек кездесетін, ал сүргышт апта болуы — жаңағы еді. Жұнынуға барғанымызда сұрақ қойдым:

— Демек, бәрі-бәрі сүр түсті болды ма? Жұмыс ше?

— Ойларың сүргышт болған соң, жұмысыңың да сүргышт болғаны гой.

— Ал ауа райы ше?

— Мен саған бәрі де сүр болды деп айтқан жоқтын ба!

Папам менің қолдарымды өз алақанына салды да, қызығылт

кебікті бұрқыратып езді. Мен қолдарымды еш уақытта да дәл осылай сабындаі алмайтынын.

— Сен шатастырып тұрсың-ау деймін,— дедім мен,— бұл ап-тада күн ылғи ашық болды гой. Бұлт та, жаңбыр да болған жоқ.

— Осылай тәжікелесіп тұрамыз ба? Жексенбі де сұргылт болып өтсін дейсің бе? Тез шай қолыңың сабынын!

— Ерінің сұр болғанына, мүмкін, өзің кінәлі шығарсың?— деп өз түсінігімді айттым.

Папамның не деп гүжілдегенін ұға алмадым, өйткені аузында тіс шеткесі бар еді, ол көздерін алартып, мені бос қолымен итеріп жуынатын бөлмеден шығарып жіберді.

Папам қырынганша шай да қайнады. Жұмыртқаға пияз, май қосып, өзіміз қуырдық. Папам жұмыртқа көмпиіл, жұмсақ болып шісіү үшін қай уақытта табаны табақпен жабуды, отты қалай реттеуді жақсы білетін.

— Ал сен үшін апта қалай өтті?— деп сұрады папам.— Откен апта сен үшін қатардағы жай апта емес қой. Оны бүкіл өмір бойы есте сақтауың керек.

— Есте сақтаймын,— дедім аузымды толтыра тамақ жеген қалпында.

— Партада кіммен отырсың?

— Тегамен,—дедім мен.

— Қызық фамилия екен!— деп таңданды папам.— Мүмкін, ол француз шығар? Онда дауыс екінін «е»-ге емес, «а»-га түсіріп айту жөн. Дега деген суретші болған.

— Теганың шын фамилиясы — Гусев. Ал неліктен Тега атанып кеткенін мен білмеймін.

— Әрине, Гусев! Тега-тега! Деревняда қаздарды осылай шақырады,— деді күлін папам.— Ал саған не деп ат қойды?

Мен шайды ұрттай түсіп, жауап қатпадым. Ал оқу жөнінде папам бүгінгі күн демалыс болған соң сұрамай-ақ қояйын деді-ау деймін.

Таңтеренғі тамағымызды ішкен соң ол үзілді-кесілді былай деді:

— Біздің не істеуіміз керектігін мен түсіндім! Жай нәрсе емес, ерекше бір нәрсе, таңданарлық бір нәрсе істүге тиіспіз! Сонда бүкіл сұрқайлық өзінен-өзі жоқ болады.

— Сен айтши, мен де саған бүкіл апта бойы сұр болып көріндім бе?— деп сұрадым.

— Сен маған кек бол көріндің. Сенің, тіпті, құлагың да сия-сия болып жүрді,— деді папам.

— Ал, мамам ше?

— Мамаң қашан да тамаша,— деп қатаң ескертіп қойды папам.

— Мүмкін, сен бәрін сұр түсте көретін болғандықтан да фамилияң Сероглазов шыгар,— деп кенет келген ойымды айттым.

— Адамның кеңіл күйіне фамилияның еш қатысы жоқ,— деді папам. Тез жинал.

«Қатысы болғанда қандай!— деп ойладым мен.— Егер саған Қоспортфель деген ат тағылса кеңіл күйінің қандай болғанын көрер едім!..»

3

Маган жиналудың да қажеті жоқ еді. Ал папам болса, неге екені белгісіз, өзінің жақсы костюмін, ақ жейдесін, қара туфлиін киді. Біз үйден шықтық.

Егер шәп егілген газондағы көгілдір тұтін болмаса (ондағы үйілген ағаш жапырақтары түнімен бықсып шықты) мен күз келді дегенге, тіпті, сенбес едім. Даала сондай жылы болып, күнің көзі жарқырап тұрды.

Біздің жай күндері у-шу болып жататын көшеміз тыптыныш еді. Адамдар да, машиналар да өте аз. Папам екеумізге жол-жөнекей жүк машиналары да кездескен жоқ. Демалыс болған соң осылай болуы да керек қой.

Торғайлар теректердің бұталарына қонып алыш, тынбай шиқылдасуда, бірақ олардың ішінен өзімнің қоя берген торғайымды тану қыын еді.

Папам менің иығыма қолын салды.

— Қане, ойланайық. Сен қандай ерекше іс жасауды ұсынар едін?

— Таксимен қыдырайық,— дедім мен.

Біздің артымызда «Волга» машинасы жай ғана жылжып келе жатты. Шамасы, шофер жаяу жүру бізді жалықтырар деп үміттенетін болуы керек.

— Ту-у, сол да сөз бе?— папам, тіпті, тыжырынып кетті.— Ерекше нәрсені тапқан екенсің! Сенің қиялдың жүйрік емес.

Дәл сол сәтте төбемізден реактивті самолет ұшып өтті.

— Ендеше, ең болмаса, Қырымға ұшып барып қайтайық.

— Міне, бұл таксиден гөрі қызығырақ. Тамаша! Екі сағатта теңіз жағасында боламыз!— деп дауыстай сейледі папам. (Қуандықтан және толқып кеткендіктен мен демімді ішімнен алыш тына қалдым).— Суга түсеміз, кішкентай малта тастар жинап аламыз, шашлық жейміз, содан соң теңізден аспанға қайтадан бір-ақ шығамыз!— Кенет папам жабырқай түсіп, таңдайын қағып қалды.— Мұнымыздан түк шықпайды. Өкінішті-ақ!

- Неге?
- Суга түсетін трусигімді үйде ұмытып кетіппін.
- Онда қайтайық! Біз ұзаган жоқпыз гой.
- Өйтсек жолымыз болмайды,— деді папам.— Сен мұмкін-дігімізге шақ келетін ерекше бір нәрсе ойлап тапсаңшы. Шектен шығып кетпе. Азор аралдарына барып қайтқың келмей ме?
- Келеді!— дедім мен.
- Ал менің, өз есебімнен демалыс алып, бір апта космоста тұрып қайтқым келеді. Ойлану үшін. Қорытынды шыгару үшін. Адам баласынан алсырақ жерге кетсем...
- Екінші күні-ақ ішің пысады,— дедім мен.
- Бұл жөн,— деп келісті папам ойланыңқырап,— және оның үстінә қымбат та.
- Онда Сергей Сергеев ағаймен сыра ішкін.
- Папам, неге екені белгісіз, он шақты қүннен бері біздің үйге келмей жүрген өзінің ең жақсы досының атын естігенде қабағын түйді және еш нәрсе деп жауап қатқан жоқ.
- Біз метро алдындағы скверде, орындықта ойланып отырмыз.
- Папамның циркке де, кемеге де, балмұздақ кафесіне де, футболға да барғысы келмеді. Ет сатып алып, хайуанаттар паркінде-гі жолбарыстарды тамақтандырудан, одан соң вертолетке мініп аэропортқа барып қайтудан да бас тартты. Қөшірден солдат өдісімен суга секіруді де қаламады. Одан басқа да көп ұсыныстар жасадым.
- Мұның бәрінде ерекше еш нәрсе де жоқ,— деді папам.
- Одан әрі не ойлап табуды білмей, тосылып қалдым. Маған салса, мультиликация мен киножурнал көрудің өзі де қызық болар еди.
- Менің хайуанаттар паркіне не себепті барғым келмейтінін білесің бе? Онда аңдар мен құстар көп-ақ, ал солардың ішінен ең аяғы жыланды да сатып ала алмайсың,— деді папам.— Сондықтан біз Құс базарына барамыз. Иә, иә! Ол жерде бәріпен қызық! Менің онда болмағаным не заман! Қане! Кеттік!
- Базардың несі қызық?— деп сұрадым мен.
- Сөз бітті!— деді папам қатты дауысталап.

4

Біз метромен Таганкага жеттік. Біздің жанымыздагы эскалатормен қолдарында банкілері, ішіндегі көрініп тұратын целофан қалталары, аквариумдары, қапшыңтары мен торлары бар адамдар — үлкендер де, балалар да тәмен түсіп көле жатты. Торлардың кейбірі бос, кейбірінің ішінде көгершіндері бар, аквариумдардың да балықтысы, балықсызы бар.

Кенет, тура өзімнің арт жағымнан: «ку-ка-ре-ку-у!» — деген дауыс естідім.

Бұрылып қарадым. Менен бір саты тәмен түрган апай қорқып кетіп, қораздың әдемі басын көрзеңкеге тыққыштап жатыр екен. Қораз көрзенгенің ішінде алас ұрып тыптырайды, шамасы жақсылап бір шақыруына мүмкіндік бермегеніне ашууланган сияқты.

Алдымыздан шөу етіп үрген, артынша мияулаған дауыс естілді.

— Дзержинскийден немесе Арбаттан мұндайды ести аласың ба? Бұл жерде бәрі ерекше! — деді папам дауыстап.

Ал онымен қатар түрган кісі:

— Біз табиғаттың аясында өткен өзіміздің балалық шағымызды ешқашан ұмытпаймыз, — деп қызудана сейлеп, тіл қатты.

— Сіз мейлінше дұрыс айтасыз, — деп келісті папам мұнай-ғандай болып, көзін сыйрытайтындырап.

— Сен онымен бір деревняда тұрып па едің? — деп таңданым мен.

Папам қолымды ауырта қысып қойды, онысы қашан болса да: «Жүрттың көзінше ерсі сұрақ қойма!» — дегенді білдіретін еди.

— Жолыңыз болсын! — деп күлімсірәй қоштасты әлгі адам.

— Сіздің де алдыңыздан жарылқасын! — деп жауап қайырды папам. Содан соң маған түсіндірді: — Кейде екі адам және мұны біліп қой, бұрын бір-бірін мұлде танымайтын адамдар, кенет, бір сәтке болса да, өзара туыстықты сезінеді. Естідің бе, қораз шақырды, ал біз достар сияқты қоштастық, тағы кездескендей болсақ — амандаласмыз, достасып кетуіміз де мүмкін.

— Егер сендер таныс болмасаңдар, ол екеуміздің де балалық шағымыз табиғат аясында өтті деп неге айтады? — деп қайталап сұрадым.

— Онысы бүкіл адамзаттың балалық шағын айтқаны. Түсіндің бе? Біздердің беріміздің! Өйткені біздің балалық шағымыз деревняларда, табиғат аясында өтті. Ол кезде қалалар жоқ болатын, — деп папам шыдамдылықпен түсіндірді, бірақ үнінен ашуулана бастағаны байқалып тұрды.

— Ал сен де, ол да бүкіл адамзат баласының балалық шағын қалай есте сақтап қалдындар? Сонда бұл қалай? — деп, шыдай алмай, тағы сұрақ қойдым. Өйткені еш нәрсе үзпаған едім.

Папамның ашуы бүрк өтті, бірақ өзін-өзі ұстап, ете ақырын және өте сабырлы сейледі. Менің сұрағыма жауап бермеу мүмкін болмаған жағдайда осылай сейлейтін әдеті еди.

— Екінің бірі — не Құс базарына барамыз, не сұрақтармен және жауаптармен айналысамыз.

— Базарға барамыз,— дедім мен.

Маршрутты таксиде папам бүкіл адамзаттың балалық шағын еске түсіргендей болып, ойға батып, терезеге қарал, үнсіз отырды...

Базардың қақпасының алдында бізді қалың топ қақпақылдай қағып ала жөнелді. Адамдар сендей соғылысады, бірақ танертеңгі уақыттағы метродагыдан емес, ешкім ешқайда асықпайды.

Кенет біз қалың топқа кірдік те, маган өне бойы жан-жағыма басымды шалқайтып, мойнымды созып қарауга турға келді.

Балықтардың мұнда небір гажап түрлері бар екен. Оларды стақандармен де, полиэтилен дорбага, горчица мен томат шырынынан босаған банкілерге және кесек мұздарға ұқсайтын, тік бұрышты, жасылдау түсті ыдыстарға салып та ұстап жүр.

Осы ыдыстардың бәрінде де тынымсыз жүйткіген, қалқып жүзген немесе бір орнында қозгалмай тұрған түрлі түсті ұсақ балықтар.

Папам олардың аттарын да билетін болып шықты.

Құйрықтары қылышқа ұқсас қызыл және қара балықтар — қылышқұйрықтар... Садактай іілген, құлан сияқты, алалары — скалярийлер... Мамамың плащы сияқты әр түспен құбылып тұратындары — жауынгер балықтар... Бәрінің атын есте сақтау мүмкін емес еді.


Адамдар оларға ұңғліп қарайды, саудалайды, таяқшаның басына ілген кішкене тормен ұстап алады.

Көптеген аквариумдарда жілкө ілінген маржандай болып, ауа көпіршіктері діріл қағады. Балық сатушылардың суға ауа жіберу тәсілдері әр түрлі. Біреулері кішкене педальді аяқпен басады, екіншілері рәзенке қапшықтарға ауа толтырып алған, ал бір жігіт бейне бір қолтығына градусник қыстырып алған сияқты, бүйірін шынтағымен соққылайды. Қолтығындағы рәзенке қапшықтан ауаны осылайша жіберіп тұр. Бір топ адам оны қоршал алыпты. Жігіттің кеудесінде — бауы мойынға асылған аквариум, ал оның ішінде аттары папама да белгісіз майда балықтар жүзіп жүр.

— Балығыңыз қаншадан? — деп сұрады папаммен қатар тұрған апай.

— Үш сомнан,— деді жігіт қабагы түнеріп, сатып алушылардың үстінен қарал.

— Бір жарым килограмм еттің құны! — деді шошынған апай.



— Немесе бес жарым килограмм мұздатып қатырган теңіз алабұғасы,— деп папам ізет сақтай қосылды.

— Есеп жағын сізсіз де білемін! — Элгі апай папамды жеп қоярдай болып, сүйк жүзбен бастан-аяқ шолып етті.

— Бес жарым килограмм алабұғаны біз қанша күнде жеп тауысамыз? Көп болса бес күнде,— деп есептеп шыгарды папам.— Ал мынадай балықтың екеуін алсаңыз өмір бойы тамашалап өтуге болады.

— Сіз мұны шын айтып тұрсыз ба? — деп сұрады апай.

— Шын,— деді папам.

Бір бала, шамасы, алтыншы класта оқитын болар, балықтың

бағасын естіп, қолын қалтасына қайта-қайта салып көп ойланды, ақыры тәуекел етті білем, сатушыға үш сом ұсынды.

— Маган мына біреусін! — ол өзгелерінен ешқандай да айырмасы жоқ бір балықты саусағымен нұсқап керсетті. Ол өзгесі емес, дәл сол балықты ұстап беруді сұрағандықтан сатушы кішкентай тормен әлғі балықты іліп алып, абайлап қана банкіге қоя берді.

Бала балық салған банкісінен көз алмай, шетке қарай ығыса берді. Балықтың кенет жылдам жүзе жәнелгені сондай, банкі ішінде қарауытқан шеңбер сзыбық пайда болғандай көрінді маган.

— Мен бұл балықсыз да күнімді көрем,— деді апай.

— Әлбетте,— деді папам сыпайы сөйлеп.

Онаң соң біз аквариумдар, балықтардың тірі жемі салынған шылапшындар мен құрғақ жемі салынған дорбалар тізіліп қойылған қатарды аралап біраз жүрдік.

— Кел, жауынгер балықтар сатып алайық,— дедім папама.

— Тұра тұр. Әуелі бәрін көрейік. Айтпақшы, бір-бірімізден адасып қалсақ, әнеу бір сурет ұстаган атайдың жанынан кездесейік.

Папам қарт кісіні нұсқап көрсетті. Ол көзін сыйырайта күнге қарап қолына алтындаған рамасы бар сурет ұстап, жәшік ұстінде отыр еді. Рамасы күнге шағылысып, көзді жейді.

— Ол суретін сатып, кетіп қалса қайтеміз? — дедім мен.

Біз жақындаپ келдік. Папам басын сәл қисайтып, суретті қарап шықты да, маган сыбырлады:

— Атай бұл жерден базар жабылғанша ешқайда кетпейді.

Он бес сомға бұл шатпақты ешкім де алмайды.

Суретте алтын ернекті дастарқан жабылған стол бейнелеңіпті. Стол үстінде табақ тұр. Ал, табақта не жоқ дейсіз! Алмада, алмұрт та, көк пияз да, үйілген қып-қызыл су шаяндары да, шала пісірілген сияқты түсі ақшылтым тауық та, тілті, аузы арандай ашылған, ішек-қарны тазаланбаған шортан да бар. Олардың жанында үш салтаяқ сырға мен мектептің сурет кабинетіндеғі сияқты адамның ғипстен жасалған, көзі жоқ басы тұр. Папам осының бәрін неліктен шатпақ деп атағанын мен түсінбедім. Маган сурет әдемі болып көрінді.

— Мына суреттің орнына жаңағы балықтардың нешеуін алуға болады? — деп сұрадым.

— Бесеуін. Мектепте есеп сабагын қалай оқып жатырсың? — деп сұрады кенет папам.

— Оқып жатырмыз. Таляқшаларды санаймын,— деп жауап бердім мен.

Одан соң біз үй қояндарын тамашаладық, енді маган балық

сататын қатардағыдай мойнымды жоғары созудың қажеті жоқ еди.

Үй қояндары себеттерде, картон қораптар мен кішкене тақтайдалардан жасалған үяларда жатыр. Біреулері үйқыда, екіншілері сәбіз бен капуста жапырағын бырт-бырт шайнайды, ал кейбіреулері артқы аяқтарына көтеріле беріп, ұзын құлақтарын қайшылап, еріндерін кісі күлерлікте ырситип маған қарайды.

Үй қояндарының көздері үлкен, қайырымды, ал, ең бастысы, әрқайсынікі әр түрлі еди: көк, қара, қоңыр және ашық сұр түсті.

Мен қояндарды арқасынан, құлағынан сипаймын, ал папам сатушылармен қай түкымның қандай қасиеттері бар скені женинде әңгімелеседі.

— Шынында да мұнда ғажап емес пе? — дейді ол маған ара-тұра коңілдене тіл қатып, мен басымды изеймін.

5

Одан соң біз кептер базарынан бір-ақ шықтық. Кептерлер адамдардан өлдеқайда көп еди, сондықтан сөйлесуши және саудасуши солар сияқты болып, ал адамдар кептерлердің үніне салып жайғана ғуілдесетіндей көрінді маған.

Папам кептерді қолына алады, қанатын жазып, қауырсындарын үрлеп көреді, тұмсығынан абайлап қана тартады, сонан соң бағасын сұрайды, мені қолымнан жетелеп, ілгері жылжиды.

Екі көкала кептер қамалған тордың жанына келгенде папам қалт тұра қалып, көзін жұмып, сүйсіне ыңыранып, сатушыдан:

— Қымбат па? — деп сұрады.

Сатушы бір нерсе деп көңілсізғана жауап қатты, ал кептерлер бейне бір бүркіттердей-ақ папама менсінбей көз тастап қойды.

Былайырақ шыққан соң папам маған түсіндірді:

— Бұлар — пошта таситындар. Екеуінің бағасы менің костюмінен артық. Костюм де сөз болып па? Егер бұларды Минскіден қоя берсең Москваға қайтып келеді. Ақылды деп осыларды айт!

Осыдан кейін біз екі-екіден ет салған самса алып жедік, квас іштік. Папам менің көз алдында көңілденіп сала берді, көптен бері осында болмағаны үшін өзіне-өзі ұрсып қояды.

Ақ балапандар мен тауықтар сатылып жатқан дуалдың жанынан мен әдемі балықтан гөрі мұздатып қатырган алабұғаны артық санайтын апайды көрдім. Папамды түртіп қалдым да, біз жақындап келдік.

Сейтсек, апай мана метродагы эскалаторда шақыратын

қоразды саудалап түр екен. Ол қораз иесі әйелге қораздың айда-рының бозарып тұрганын, ал құйрығында ең өдемі қауырсын-дары жетіспейтінін айтты.

— Сіз өзің күні бойы себетте отырсаңыз, бозармаганызы-ды көрер едім,— деді папам қораздың себеттің шетінен жан-жаққа бұрқырай шығып тұрган түрлі түсті қауырсындарын сипап.— Үйіміздегі хайуанаттар бұрышы үшін сатып алсақ қайтеді?

Мен басымды изедім, осы кезде апай да қораз иесіне ақша-сын жылдам ұстата қойды.

Қораздың өзін аяқтары байланған қалпынша он шақты «молния» жапқыштары бар үлкен сумкаға ауыстырып салды. Ол жүлқынып тыптыраған жоқ. Бар болғаны жайғана мұнды дауыспен: «Ко-ко-ку-ко» деп бір нәрсе айтқандай болды,— өзінің кездері жартылай жұмұлы еді.

— Кешіріңіз, мына қораздың орнына қанша майда балық алуға болатын еді?— деп қайтадан манағыдай сыпайылап сұрады папам.

— Ушеуін!— деді апай қуана, онан соң:— Қала сыртындағы саяжай үйде, көк шептің үстінде мына қораз, тінті, тамаша болып құлпырып кетеді,— деп пейілдене сөйледі.

— Даударыңызға: «Абайлаңыз! Ашулы қораз бар» деген тақтайша іліп қоюды ұмытпаңыз,— деп кеңес берді папам.

Алған бұйымына өте риза апай бұған құлімсіреді де жүре берді, ал сумқадан қораздың түйістіріп байлаған кек болат қы-лыштар сияқты құйрық қауырсындары үрпніп шығып тұрды.

Біз құстардың сайраған үні барған сайын қаттырақ естіле бастаған алдыңғы жаққа қарай аяңдадық. Бірақ мен «ко-ко-ку-ко» деген жаңағы мұнды дауысты ұмыта алмай, папамнан:

— Кептерлер сияқты пошта таситын қораздар болмай ма?— деп сұрадым.

— Эрине! Пошташы балықтар да, құстар да, мысықтар да, тіпті, тасбақалар да болады. Тек қана олар жолда ұзак жүреді,— деп өзілдеді папам.

— Саған қазір айнала төңірек түгел сұрғылт болып көрін-бей ме?

— Тегінде, дүние құлпырып кетті. «Айнала тегіс кек, жа-сыл...»— деп әндектен папам мені қолымнан алып, құстардың сайраған үніне мұлде қарама-қарсы жақтағы қақлаға қарай сүйрей жөнелді.

Біз ит жетектеген адамдар қыдырып жүрген шағын сквердің шойын шарбағын жагалай жүріп еттік. Иттердің бәрі өр түрлі тұқымнан еді.



— Ит сататын бас алаң осы,— деді папам Құс базарынан еткен соң шолақ көшеге бұрылғанымызда.

Мұнда тек ересек иттер ғана емес, күшіктер де сатылады екен.

Ересек иттер өз иелерінің аяғына сүйкене түседі, бір-біріне назар аудармайды және өздерін қарап жатқанда үрмейді.

Ал күшіктер үй қояндары сияқты себеттерде, сумкалар мен картон қораптарға бір-бірімен сығылысып тығыз жатыр.

Ең кішкенелері ыңғайлырақ орналасып алып, үйкynын соғуда. Сөл үлкендеулері тынбай қыбырлап, қыңысалап, акқаймақтанған көздерін сығырайтып қарайды.

Ара-тұра мысық пен мысықтың балаларын сатып жүрген адамдар ұшырасады.

Папам маған башпайлары мен құлақтарының ұшы қара, көздері көк, түркү ұзын сары мысықтардың Азиядан, Сиам елінен өкелінгенін айтты. Бұлар қымбат тұрады, егер бұлардың тырнақтары ұзын, ал мінездері барлық мысықтардің сияқты сырын ішке сақтайтын түйік болмаса, папам сатып алған болар еді.

Маған мысықтар өздерін сататынын түсінбейтіндей, ал иттер түсінетін және сезінетіндей болып көрінді. Осыдан кейін иттерді аяп кеткенім сондай, қайтадан құстар жаққа кеткім келді.

Бірақ папам асықлады. Ол күшіктерді қолына алып, арқасынан сипайды, бағасын біледі, ал тайыншадай үлкен төбеттің иесінен:

— Кешіріңіз, егер бұл ит өзіңіз айтқандай ақылды, жақсы күзетші, берген асты талғамайтын көнбіс және бүргесі жоқ таза болса, онда неге сатып тұрсыз? — деп сұрады.

Төбеттің несі сөл қысылыңқырап қалып, қабагын түйіп:

— Керек болса — ал, әйтпесе — жүре бер. Алысқа кетіп барамын, — деп дүңк етті.

Төбет кенет атып тұрып, папама үре бастады. Осыдан соң папамның жүзінде мұқ пайда болды, былайырақ шыққан соң ол былай деді:

— Егер біздің итіміз болса және біз бүкіл семьямызбен командировкаға, айталақ, космосқа,— папам қолын сермен, тобени көрсетті,— немесе Антарктидаға,— енді ол аяғының астын нұсқады,— жүрер болсақ... мен итті өзіммен бірге әкетер едім... Тіпті, ең болмағанда көршілеріме, туыстарымға немесе достарыма қалдырар едім.

— Егер олар алмаса ше?

— Сол сәтінде олар менің достарым немесе туыстарым болудан қалар еді.

— Дұрыс,— дедім мен.

Әрине, Құс базарында әр түрлі жануарлар хайуанаттар паркіндегіден аз еді, бірақ оның есесіне мен өмірімде түңғыш рет кірікшешенің үшкір тұмсығы мен өткір қөздерін жақсылап тұрып көріп алдым, залалсыз сары бауыр жыланды қолымама орадым және қөздері көк сиам мысықтарын тамашаладым.

Мен өне бойы папамды ән салғыш канарейкалар мен тотықұстарды барып көрейікші деп қолынан тартумен болдым, бірақ ол ит алаңынан ешқайды да кеткісі келмеди.

— Кел, күшік сатып алайық. Босқа қараганнан не шыгады? — деп ұсыныс жасадым мен папамның ит сатып алатынына ешқандай сенімім болмаса да.

Мұны жай ғана айта салған едім. Біз, папам екеуміз, мамманан үйге ит алып келейік деп талай рет рұқсат сұрағамыз бірақ мамам қөнбекен. Ол: «Күшік алу — үйді ластау, бүрге әкелу, өне бойы әуреге тусу және аса үлкен жауапкершілікті мойынга алу», — деген еді.

Менің өтінішіме жауап ретінде папам менің жүзімे ұзагырақ қөз тоқтата қарады. Онысы: мен өзім де бәрін білемін және түсінемін, ендеше, маган ақыл-кеңес берудің ешқандай қажеті жоқ дегені еді.

Біз онан әрі аяңдалап, иттерді қараумен болдық, олардың ұнжыргалары түскені сондай, тіпті, мысықтарға тап беруді де қойған. Мысықтар да жабырқаңқы тәбеттерді қөргенде жоталағын күжірейтпейді...

Кенет менің арт жағымнан:

— Қоспортфе-е-ель! — деп әлдекім қуана қатты дауыстады.

Мен селк ете қалдым, бірақ бұрылған жоқпын. Папам мен базардағы барлық жұрт өзімек тағылған лақап атты білуін қаламадым. Мен папамның алдына қарай ығысып шығып кеттім, әлдекім тағы екі рет дауыстады, бірақ даусы мүлде бәсеңсіп қалды. Шамасы, мені әлдебіреумен шатастырып алдым ба деп ойласа керек.

Сөлден соң мен папамның тасасынан басымды шығарып қарап, Тиграны қөрдім. Қөшпілік орында айқайлағаны үшін папасы мен мамасы оған қатты ұрысын жатыр екен.

Тигра менің қараганымды байқап қалып, жұдырығын қөрсетті. Мұнысы үшін оны әке-шешесі қолынан сүйрелеп, иттерден ары алып кетті.

Кенет папам мені қолымнан жүлқа тартып қалды. Біз әлдекімді қоршап алған топтың арасына кірдік. Папама оңай емес еді. Ол бір қолымен мені сүйреп, екінші қолымен Қара теңізде қы-

рындай жүзіп, толқындарды жарып келе жатқандай-ақ тынымсыз құмылдар жасаумен болды.

Ақыры, папам ентіге дем алып, алдыңғы қатарға да жетті ау. Мен қалпағы қатты умаждалған адамга мойнымды соза көз салдым. Ол қолына ит үстап түр еді.

Ітінің жұні тура лақтың жұні сияқты ұзын, ақсүр, бүйра екен, таралмаган маңдай жұні көзін жауып кеткендіктен, ұйықтап тұргандай өсер қалдырады. Бірақ ол ояу еді, өйткені көзінің үстіндегі кекілі өне бойы дір ете қалып тұрды. Жөне өзі қара бүйра құлақтарын қозғап-қозғап қояды.

Мен оған дыбыс бердім.

Ит танауын маган туралап бұрып, ауаны ніскеді де, кекілін сілкіп қалды. Сол сәтте мен күннің сөүлесімен жалт ете қалған, жасаурап тұрган көздерін көрдім.

Еш нәрсені ойлап үлгерместен, папамның пенжагынан тартып қалдым. Ол еңкейді.

— Мынаны бұл жерден алып кетейікші! Сатып алайықшы! — дедім.

— Манағы айтқан ерекше нәрсеміз осы белады деп ойлайсың ба?

— Әрине! Итсіз кетін, итпен қайтып келеміз. Біз бір-бірімізде көзбен тусініп үлгердік. Тезірек, өйтпесе басқа біреу алғысы келіп жүрер.

Папам қолын кеудесіне қойды да, маңдайын жиырды. Ойланып қалды.

Адамдар иттің бағасы қанша деп иесінен қайта-қайта сұрайды. Ол:

— Жиырма,— деп қысқа ғана жауап береді.

Бағасын ести салып, көпшілігі саудаласып та тұрмастан, топтан шыға жөнеледі. Мен папамның пенжагынан үздіксіз тартқылаумен тұрмын. Ақырында ол:

— Бұл күшіктің тегі қандай? — деп сұрады.

— Венгер овчаркасы — пума мен деревнялық лайканың будан түкімьы,— деп жауап берді иесі.

— Деревнялық та лайка бола ма?

— Қалалық лайка болғанда, деревнялық лайка неге болмасын,— деді иесі.

— Ақылға сыйымды,— деді папам.— Ал, жалпы, ата-тегінің тізімі мен документтері бар ма сізде?

— Жоқ. Тәбетті мен Карпаттың арғы жағынан өкелгенмін. Егер үрланған деп ойласаңыз, паспортымды көрсете аламын.

Ит иесі документін шығармақ болып қолын қалтасына салды.

— Мен сізге сенемін,— деді папам.— Бірақ ата-тегі белгілі шығар?

— Овчарка тұқымы жағынан алғанда бабасының бабасының бабасы Австро-Венгрияның чемпионы болыпты. Ол Фон Тюбинген-Млески атанған. Ал үлкен әжесінің әжесінің әжесі — Фон Заксенгузнер. Лайка тұқымы жағынан алғанда атақты ешкім жоқ.

Топ ішінен күлкі естілді. Ит иесі өзілдең тұрганын немесе шынын айтып тұрганын мен түсінбедім.

Бір кемпір наразылық білдіре сөйледі:

— Мактауын қараши! Көп ақша сұрайды, ал үйге алып келсөң, өкінесің. Бір кемістің болмаса, екіншісі шығады. Ал базар — дүкен емес. Қайта апарып тапсыра алмайсың.

Осы сөздерден кейін ит иесінің шаршаган, ұйпалактанды, өңсізденген бет-аузындағы әлдеқандай бұлшық еті тартылыптартылып кетті де, кемпірге мыскылдай тіл қатты:

— Итпен бірге қосалқы бөлшектері: алдыңғы және артқы аяқтары, төрт азу тісі, құйрығы мен бір топ бүргелері қосып беріледі.

Папам екеумізден басқа жұрт тегіс күлді, ал кемпір жәбірленіп, топтан шығып кетті.

— Менің сұрақтарым бар,— деді папам: — Жасы, аты, мінезі? Әзілге айналдырмауызызды өтінемін.

— Шамамен жарты жаста. Бірде-бір атқа қайрылмайды. Иә, иә! Мінезі көңілді. Тентек. Менің мұны тәрбиелеуге уақыттым болмады.

— Тұсінемін,— деді папам ит иесінің ісіңкіреп кеткен мұрнына қарал.

— Тағы не білгініз келеді? Сату себебімді ме?

— Оны шамалап тұрмын,— деді папам, күшіктің онсыз да ұйпалактанды жүнін онан әрі үрпітіп; құлағын үқалап қойып және танауын сипап көріп.

«Сатып алсаңшы! Сатып алсаңшы!» — деймін папама іштей жалбарынып.

Ол күшікті жерге қоюды өтінді. Иесі оны қолынан түсірді. Ит кішкене тұрды да, алдыңғы аяқтарын созып жіберіп, оған тұмсығын қойып, жата кетті.

Мен оның алдына жүрелеп отыра қалып, абайлап сипадым. Күшіктің денесінде майда діріл бар еді. Мұмкін, ол жылап жатқан болар? Неге екенін білмеймін, мен кенет енді екеуміздің ажырамайтынымызды сездім.

— Ал қалай? Аламыз ба? — деп сұрады папам күшіктің алдына өзі де жүрелеп отырып. (Мен басымды изедім). — Ақша

бар. Бірақ біз мамаң туралы ойламаппyz фой. Есінде ме, маған бульдог ит сыйламақ болғанда мамаңның не дегені?

Менің есімे тұсті. Мамам сонда папама: «Не мен, не бульдог. Өзін таңда!»— деген еді.

«Әрине, сен!»— деген папам, бірақ жауап берудің алдында кішкене ойланып қалғаны үшін мамам оған өкпелеп еді.

— Міне, көрдің бе?— деді папам құрсініп, ал күшіктің иесі бұл кезде күшігін қайтадан қолына алып, жогарыдан бізге жек көре қарал тұр еді. Шамасы, ол кетуге ыңғайланды-ау деймін.

— Мамамды қөндіреміз! Көресің, қөндіреміз!— деп папамды жұлмаладым.

Ол ақыры тәуекел етті де, ендігі оқиғалар тура тұстегідей болып өте бастады.

Папам саудаласпай-ақ екі он сомдықты ит иесіне ұсынды, мен қолымды создым және өз қолымда дір-дір еткен, сабалақ жунді күшік жатқанына алғашқы минутта сенер-сенбесімді білмедім.

Күшік иесі ақшаны қалтасына тез сұңгітіп, папама еңкейіп:

— Күшік ұрланбаган. Менің фамилиямды есіңізде сақтаңыз,— деді өлдеқандай күәлігін ашып көрсетіп.

Папам оған көз жүгіртпі:

— Тамаққа тәбеті қалай?— деп сұрады.

— Еркелетілмен. Тамақ талғамайды. Жиірек қыдыртызыздар. Текті тұқымнан. Бірақ мұны тіркетуге мен үлгермедім. Әзірге!

Папам абыржыған тұрмен тыңдады, бірақ шегінуге кеш еді.

Осыдан соң күшіктің бұрынғы иесі ғайып болды, ал біз күшіктің мойнында қарғыбауы жоқ екенін енді ғана байқадық.

Папама өз белдігін сұзырып алып, одан іс қағаздарын қыстыратын екі түйреуіштің көмегімен қарғыбау жасауға тура келді.

Мен белдіктің мойнында қатты қыспайтынына көз жеткіздім де, бір үшінан қолыма қатты қысып ұстап алып, күшікті жерге түсірдім.

— Ал кеттік, Рекс!— деді папам еңсесі түсіп.

Мен оның өне бойы үйге қалай келетікімізді және мамамның не дейтінін ойлаумен тұрғанын аңғара қойдым.

Күшік Рекс деген атқа селт етпеді. Мен папамның белдігін жай ғана тартып қалдым, күшік басын салбыратып түсіріп жіберіп, артынан ілби ілеңті, ал папам тәменірек сырғыған шалбарын қайта-қайта көтеріп қойып, біздің сәл алдымызда келе жатты. Ара-тұра кейін бұрылып, біресе жұмсақ үнмен, біресе қатал түрде: